

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде N 2034 тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі Комитеті Төрағасының 2002 жылғы 1 қазандағы N 4 "Банкроттық рәсімдердегі кредиторлардың талаптары тізімін бекіту және қалыптастыру Нұсқаулығын бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті төрағасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 37 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 21 мамырда тіркелді . Тіркеу N 2289. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс Комитеті төрағасының 2006 жылғы 20 наурыздағы N 12 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс Комитеті төрағасының 2006 жылғы 20 наурыздағы N 12 бұйрығымен (2006 жылғы 8 желтоқсанда N 213-ші "Заң газеті" газетінде жарияланды).

-----Бұйрықтан үзінді-----

Б ұ й ы р а м ы н :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс Комитеті Төрағасының кейбір бұйрықтарының күші жойылған деп танылсын.

2. Осы бұйрық бірінші ресми жарияланған кейінгі он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің Дәрменсіз
борышкерлермен жұмыс Комитеті
төрағасының 2006 жылғы
20 наурыздағы N 12 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс
Комитеті Төрағасының күші жойылған кейбір
бұйрықтарының тізімі

8. "Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті Төрағасының 2002 жылғы 1 қазандағы N 4 "Банкроттық рәсімдердегі кредиторлардың талаптары тізімін бекіту және қалыптастыру Нұсқаулығын бекіту туралы" бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті Төрағасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 37 бұйрығы, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2289 тіркелген...

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасына сәйкес келтіру
ма қ с а т ы н д а **б ұ й ы р а м ы н** :

1. Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде N№2034 тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі Комитеті Төрағасының 2002 жылғы 1-қазандағы N 4 "Банкроттық рәсімдердегі кредиторлардың талаптары тізімін бекіту және қалыптастыру Нұсқаулығын бекіту туралы" Бұйрығына (одан әрі - Бұйрық) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Бұйрықпен бекітілген Банкроттық рәсімдердегі кредиторлардың талаптары тізімін бекіту және қалыптастыру Нұсқаулығындағы 7 тармақ алынып тасталсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі Комитеті төрағасының орынбасары Н.Қ.Мақажановқа жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен бастап күшіне енеді.

Төраға